



10 қыркүйек, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

COVID – 19



2 Екінші толқынға әзірлік қалай?

ПОЭЗИЯ




3 Сөз бен саздың әсем үйлесімі

ФОРУМ



4 Ұл әкеден үйренбей...

НАЗАР



4 Кибербуллинг: баланы қалай қорғаймыз?

● ПРЕЗИДЕНТ

РЕСЕЙ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшісі Алексей Бородавкинді қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың ауқымды мәселелері қаралды.

Президент коронавирус індеті кезінде Ресей Федерациясының Қазақстанға көрсеткен көмегі үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы екіжақты, медицина мен денсаулық сақтау салаларындағы халықаралық ұйымдар аясындағы, оның ішінде жаңа бастамалар мен жобаларды іске асыру шеңберіндегі қарқынды ынтымақтастықты одан әрі жалғастырудың маңызын атап өтті.

Кездесуде, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақ қызметімен байланысты мәселелер және жоғары деңгейдегі ЕАЭО кездесуіне, сонымен қатар, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының алдағы саммитіне дайындық барысы талқыланды.

● ПАРЛАМЕНТ

БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАНДЫ

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен жалпы отырыста адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу кезінде ұстау мерзімдерін реттеу мәселелері бойынша депутаттар әзірлеген заң жобасына түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасын қабылдау адам құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық зандарға халықаралық стандарттарды енгізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Конституциялық Кеңестің адамдарды (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды) елімізден тысқары жерлерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдерін қосымша заңнамалық реттеу туралы ұсыныстарын орындау, оларды ұстап алу және кейіннен ішкі істер органдарының арнаулы мекемелеріне орналастыру тәртібін регламенттеуді қарастырады.

Осы міндеттерді іске асыру азаматтардың, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың бостандығына және жеке басына қолсұғылмаушылығына құқытындысы қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіруді қамтамасыз етеді.

● ҮКІМЕТ

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР МЕН АЛДАҒЫ МЕЖЕ

Кеше Үкімет үйінде Қазақстан Үкіметінің отырысы өтті. Онда Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы, 2020 жылғы қаңтар-тамыздағы ҚР әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы, еліміздегі эпидемиологиялық жағдай қаралды.

Үкімет басшысы орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларына Жолдауды іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын сапалы әрі уақытылы орындатуын қамтамасыз етуді тапсырды. 2020 жылғы қаңтар-тамыздағы ҚР әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша есеп баяндалды.

Премьер-Министр А.Мамин орталық және жергілікті органдардың басшыларына қаражатты уақытылы және өз мақсатына пайдалану жөнінде шаралар қабылдап, бюджет қаражатының тиімді игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Еліміздегі эпидемиологиялық ахуал туралы баяндамадан соң, өңірлердің әкімдеріне барлық санитарлық нормаларды қатаң сақтауды, медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүктелді.

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

ТӘУЛІГІНЕ 60 ТОННА ҰН

Өңірдің 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспарына шағын және орта кәсіпкерлік саласында іске қосылатын 265 жоба енгізілген. Нақты кезеңде облыста құны 24 млрд теңгені құрайтын 95 жоба жүзеге асуда.

Солардың бірі – Сырдария ауданы орталығы Тереңөзек кентіндегі «Ұн өндіру комбинаты» іске қосу» жаңа инвестициялық жобасы. Жоба инвесторы – «Ақжұм Жер» ЖШС. Құны 80 млн теңгені құрайтын жобаның қуаттылығы – тәулігіне 60 тонна ұн өндіру.

Комбинаттың бас технологиясы Айбек Бейсенбайға хабарласқанымызда, ол ұн зауытына қажетті құрал-жабдықтар Түркиядан алынып, толықтай орнатылып болғанын жеткізді. Серіктестік директоры Алмасбек Алдонғаров күзгі егін ору науқаны аяқталысымен бидайды Қостанай облысынан алдыруды көздеп



отыр. Зауыт осы күзде жұмысын бастамақшы. Тың жоба аясында 15 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Мұнан бөлек, Сырдария ауданында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қаржыландырылған, тағы бірнеше жоба қолға алынған. Мәселен, «Ақжарма-2» шаруа қожалығы күріш ақтап, тазалайтын және кіші пастерленген сүт зауытын, сондай-ақ, жылыжай және көкөніс қоймасын салу жобаларын кезек-кезеңімен іске асыруды қолға алды. Бүгінде күріш тазалау цехының құрылысы жүргізілуде. Цехқа Чехиядан жеткізілген «VibroMAX» агрегатының құны 52 млн теңге. Бұл аппарат тәулігіне 50 тонна астық тазартады. Шаруашылық төрағасы Марат Бисенов кіші пастерленген сүт зауыты және жылыжай мен көкөніс қоймасын салу жұмыстары 2023 жылға дейін жүргізілетінін айтты.

«СБ» ақпарат

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ БАҚЫЛАУДА

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру бағытында атқарылған шаралар бойынша кездесу өтті.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов пен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ басқарма төрағасы Ерлан Нұрланбаев атқарылған шаралар туралы баяндады. І қыркүйектегі жедел статистикалық ақпараттарға сәйкес, облыста әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының индексі 103,5%-ті құрады. Республика бойынша бұл көрсеткіш – 104,6%.

Жыл басынан бері 19 әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауары арасынан 12 өнімге баға жоғарыласа, 5 өнім бағасы төмендеген, ал 2 өнім бағасы бірқалыпты сақталуда. Бүгінге дейін тұрақтандыру қорына 4130,4 тонна өнім сатып алынды.

Қазір қордағы 2325,5 тонна өнім Қызылорда қаласында орналасқан 29 әлеуметтік дүкен мен 1 әлеуметтік рынок және қала аумағында орналасқан «Мирас», «Аль-Асад», «Анвар», «Ажар», «Қызылорда Оптомаркет» және «Акниет» ірі сауда орындарында тұтынушыларға ұсынылуда.

Сонымен қатар, әлеуметтік дүкендердің желісін кеңейту мақсатында облыс орталығында 5 дүкеннің құрылысы жүргізілуде. Күз айларында тұрақтандыру қоры

рын толықтыруға 1000 тонна қара топ, 500 тонна бас пияз, 200 тонна сәбіз және 35 тонна қырыққабат, сондай-ақ, 68 тонна қарақұмық жармасын сатып алу жоспарлануда.

Соңғы уақытта облыста қарақұмық жармасының бағасы тұрақсыз болып тұр. Бекітілген 269 теңге шекті баға 15%-тен артып кетуіне орай комиссия қарақұмық жармасына 313 теңге мөлшерде баға бекіту жөнінде облыс әкімдігінің қаулысы қабылданды. Ал ет өнімдерін тұрақтандыру мақсатында «KZO ET» шаруа қожалығы қаланың 6 аумағында орналасқан жеке сауда орындарында сиыр етінің келісін 1600 теңгеден сатуда. Бұдан бөлек, осы төмен бағадағы әрі сапалы ет өнімдерін қаладағы «Қызылорда», «Анвар» ірі сауда үйлерінде сатылымға шығару ұйымдастырылды.

Кездесу соңында облыс әкімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын бақылауда ұстауды және кәсіпкерлер тарапынан негізсіз өсірген жағдайда шара қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, дәстүрлі күзгі жәрмеңкелер ұйымдастыру туралы тапсырма берді.

«СБ» ақпарат

● ЕГІН – 2020

ҚАРАУЫЛТӨБЕ КҮРІШІНЕ ОРАҚ ТҮСТІ

Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылындағы Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС тәжірибе алаңында күрішке орақ түсті. Мұнда «Янтарь», «Лидер» сорттарымен қатар жаңа «Сыр сұлуы» сорты да егілген болатын. Бұған дейінгі қолданыстағы сорттар 110-120 күнде пісетін болса, жаңа сорт 90 күнде толық дайын болады.

Күрішке орақ салу рәсіміне Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен орынбасарлары, ауыл әкімдері, ақсақалдар қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»



2-бет

● ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

АҚСУАТТА КЛУБ САЛЫНУДА

Қазалы ауданына қарасты Ақсуат ауылында тағы да бір іргелі әлеуметтік нысанның құрылысы аяқталуға жақын.

Майлыбас ауылдық округінің орталығы – Ақсуат ауылында 150 орындық клубтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл жобаның жүзеге асуына «Жұмыспен қамту» 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының септігі мол. Бағдарлама аясында құрылысқа қажетті қаржы бөлінді. Соның нәтижесінде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын қалды. Бас мердігер «Болашақ» ЖШС құрылысшылары мәдениет ошағының құрылысын мерзімінен бұрын, яғни жыл соңына дейін бітіруді жоспарлап отыр.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қызылорда қаласының шет аймақтары мен ауылдық округтерінде барлығы 260 жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Жұмыспен қамту» 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қала аумағындағы 111 көшеге, кент және ауылдық округтердегі 32 көшеге орташа жол жөндеу, яғни асфальт салына, 50 көшеге қиыршық тас төселеді.

Ұзындығы 0,7 шақырым болатын Желтоқсан көшесінен Абай даңғылына дейінгі аралықты қамтитын Ерғешбаев көшесін «Қызылорда жолдары» мекемесі асфальт төсеп, жоба-сметалық құжаттардағы талаптардың толық орындалуын қамтамасыз етуде.

Мұнан бөлек, қала тұрғындары тарапынан жиі көтерілетін мәселелердің бірі – көше бойларын жаяу жүргіншілер жолдарымен қамту болатын. Аталған мәселе бүгінде өз шешімін тапты. Мәселен, биыл 102 шақырымды құрайтын 68 көшеге жаяу жүргінші жолы салынып жатыр.

Айта кетейік, жоғарыда атап өткен жұмыстарға 1 мың 700 жұмысшы тартылған.

МАЛ ҰРЛАҒАН КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Жаңақорған ауданы Сунақ ата ауылында жайылымнан 2 бас сиыр ұрлаған күдіктіні полиция қызметкерлері ізін суытпай ұстады.

«Күдікті 26 жастағы ауыл тұрғыны болып шықты. Ол өз кінәсін толық мойындады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1 бабы 1-бөлігімен (мал ұрлығы) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Айпақ заттар алынды», – депінген полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарламасында.

«СБ» ақпарат

БАЛЫҚ ӨНІМДЕРІ 12 ЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛАДЫ



Сыр бойының басты байлығының бірі балық десек, бүгінде Аралдың балық өнімдері әлемнің 12 мемлекетіне жөнелтілуде. Бұл туралы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мәлімдеді.

Дәуіржан ЕЛҮБАЕВ,
«Сыр бойы»

Арал теңізі мен Сырдария өзенінің жағасында тұратын жергілікті халықтың өмірі мен тұрмысы балық аулаумен тығыз байланысты. Нақты кезеңде облыста жылдық қуаттылығы 12,5 мың тонна өнім шығаратын 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Балық өңдеу зауыттарының 4-інде еуропалық сапа стандартына сәйкестігін растайтын «Еврокод» белгісі бар. Олар – жеке кәсіпкер «Игілік», «СПК Қызылорда Балық», «Арал СДО» және «Арал балық өңдеу зауыты» ЖШС-ның зауыттары.

2-бет



ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Қазір елімізде коронавирус індеті бәсеңдеді. Десе де, мамандар аурудың күзде қайта бас көтеретіні туралы болжам айтады. Осы орайда дайындық жұмыстарына жіті көңіл бөліп, қауіпті кеселмен күреске сақадай сай болу – басты міндет. Медицина нысандарының күзге дайындығын пысықтау мақсатында ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғиният пен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова екі күндік жұмыс сапарымен Сыр өңіріне болды.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Алғашқы күні олар Жалағаш, Қармақы аудандары мен Байқоныр қаласына барды. Алдымен жаңадан бой көтеріп жатқан Жалағаш аудандық ауруханасының құрылысын көрді. 100 төсектік емдеу мекемесі жол соңына дейін тапсырылуы тиіс. Алайда мердігер мекеме өкілі құрылыс жұмысының уақыттылы аяқталуы үшін қосымша қаржы керектігін жеткізді. Жуырда ғана ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып сайланған Ақмарал Әлназарова құрылысты келер жылға қалдырмай, мәселені шешуге қолдан келгенше көмектесетінін айтты.

Аудан бойынша 111 адам қауіпті кесел жұқтырып, барлығы емделіп шыққан. Индетпен күреске 182 қызметкер, оның ішінде 24 дәрігер, 138 орта буын қызметкер, 20 кіші аяжан жұмылдырылған. Қазір ауданда 4 өкпені жасанды желдету аппараты, 28 оттегі концентраторы бар. Айта кетерлігі, ауданда қарасты барлық емханада шақырту саны 90 процентке азайған.

Қармақы ауданына қарасты Төретам кентінде №80, №272 орта мектептердің жөндеу жұмыстарымен және ауылдық аурухана қызметімен танысты. Елде COVID-19 індеті белең алған тұста Байқоныр қаласық көпбейінді ауруханасында 30 төсектік провизорлық стационар 60 орынға, кейіннен 120 төсекке кеңейтілген. 1 қыркүйекке дейін мұнда барлығы 465 наукас емделіп шыққан. Байқоныр қаласына аялдаған Денсаулық сақтау вице-министрі мен сенатор мұнда да аурухана қызметімен танысып, күзге дайындықты пысықтады және мамандардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Жалпы, емдеу мекемесінің техникалық базасы өткен жылмен салыстырғанда 3 есе артқан. Ауруханада 10 өкпені жасанды желдету құрылғысы, 51 дана оттегі концентраторы, 51 дана пульсоксиметр, 30 дана термометр бар. Сонымен бірге екі жарым айға жететін дәрі-дәрмек қоры жасақталған. Одан бөлек, барлық қызметкерлер қорғаныш құралдарымен қамтылған.

Келесі күні А. Ғиният пен А. Әлназарова қаладағы бірқатар денсаулық сақтау нысандарын аралады. Алдымен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында болып, ахуалмен танысты. Емдеу мекемесі 185 орынға арналған. Қауіпті дерт белең алған уақытта қосымша 170 төсектік инфекциялық, 90 орындық провизорлық және таза аумаққа 130 төсек-орын қосымша жасақталған. Қазір провизорлық бөлімшесінде 25 наукас, балалар ішек аурулары бөлімшесінде 96 наукас ем алууда. Жалпы індет жұқтырған 2597 наукас емделіп шыққан. Ауруханада 7 дана өкпені жасанды желдету аппараты, 50 дана оттегі концентраторы, 23 пульсоксиметр бар және қажетті қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген.

Онан соң қонақтар Ұлттық сараптама орталығының филиалында болды. Аймақта ахуал күрделенген шақта орталық мамандары сала қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетті. Ол жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын айтты.

Ал облыстық көпбейінді ауруханада бытыр 8 айда 113 адам пневмониямен емделіп шықса, биыл 3 есеге өскен. Коронавируспен ауырғандардың көбеюіне байланысты 30 төсектік инфекциялық бөлімше ашылды, бір жарым айда 86 адам айығып, 10 наукас қайтыс болған. 20 дана өкпені жасанды желдету аппараты бар.

Вице-министр қауіпті дерттің екінші толқынына дайындық барысында жағдайы ауыр наукастарды емдеуге арналған арнайы орталықты осы жерден жасақтап, үздік мамандарды осы ауруханаға шоғырландыру туралы ұсынысын айтты.

– Аурухана заманауи ғимаратта орналасқандықтан, бұл жерде өте ауыр жағдайдағы наукастарды емдеуге болады. Оған аурухананың мүмкіндігі мол деп ойлаймын. Мамандар да, заманауи құрылыстар да жеткілікті. Алдағы уақытта өлім-жітімге жол бермеуіміз керек, – деді Ажар Ғиниятқызы.

№3 қалалық емхана 64 800 тұрғынға қызмет көрсетеді. Ауысымына 500 адам қабылдауға арналған медицина мекемесі заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жұмыс режимі қалыпқа түскенмен, маусым-шілде айларындағы шақыртулар бірнеше есеге өскені белгілі. Осы ретте аймақтық дәрігерлердің жүктемесі артты. Олардың қызмет барысымен танысқан вице-министр бірінші кезекте атқарылуы тиіс жұмыстарды пысықтады. Әсіресе, жедел респираторлы вирусты инфекция мен тұмау белең алатын күзгі маусымда ауруға қарсы екпе салуды қолға алу, тұрғындар арасында қауіпті дерттің алдын алу бағытында түсіндірме, ақпараттық-насихат жұмыстарын жан-жақты жүргізу керектігін айтты.

Жалпы емхана бойынша сәуір айынан бастап қазіргі кезге дейін пневмония диагнозымен 556 наукас тіркеліп, 52-сі қайтыс болса, коронавирус инфекциясымен 321 наукас анықталып, 10-ы көз жұмған. Қауіпті кеселдің белгілерін растайтын клиникалық көріністері бар наукастарды провизорлық стационарларға тасымалдау үшін 4 мобилді топ құрылған.

Екі күндік жұмыс сапары ахуалдық орталықта облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың төрағалығымен өткен жиында қорытындыланды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов аймақта осыған дейін атқарылған жұмыстарды баяндады. Атап айтқанда, 22 маусымда бір тәулікті 2120 адамнан шақырту түссе, қазір бұл көрсеткіш 52 процентке азайған. Эпидемиалық басқару бөлімшесінде барлығы 976 төсек-орын жасақталса, оның саны 2500-ге дейін жеткен. Жыл басынан бері пневмониядан 290, оның ішінде шілде айында 215, тамызда 5 наукас қайтыс болды. Күшейтілген карантиндік шараларды іске асыру барысында аймақта жағдай біршама тұрақталған. Медициналық құралдармен жабдықталу жыл басында 85 процент болса, сегіз айда 88,5 процентті құрады. Инфекциялық стационарлардың реанимация бөлімдерінің жабдықтау көрсеткіші 75-тен 85 процентке жеткен.

Жиын соңында Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғиният пен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова емдеу мекемелерінің дайындығын күйшейтіп, мамандар біліктілігін арттыру туралы ойлармен бөлісті.

Қарауылтөбе күрішіне орақ түсті

Ауыл диқандарының қуанышты сәтіне келген қала басшысы алдымен институт ғалымдарының көрмесімен танысты. Мұнда ғалымдар шығарған көкөніс, қауын-қарбыз, жүгері, малазықтық дақылдардың жаңа сорттары қойылған.

– Су тапшылығын жұртшылық күрші екенімізбен байланыстырады. Бірақ, күріштің өңірдің басты әрі экологиялық дақыл екенін естен шығарады. Күріш көлемін көп қысқартсақ, жер тұзданып кетеді.

1-бет

Ал тұзданған жерге басқа дақылдар шықпайды. Сондықтан ауыспалы егісті таңдаймыз. Күріш егілген жерге басқа дақылдар жақсы шығады. Біздің ойымызша, күріш алқабын 50 проценттен 25 процентке дейін қысқартуға болады. Оның орнына басқа дақылдарды егу мүмкіндігіміз бар. Бірақ суды үнемдеу ғылыми жобалардың негізімен ғана жасалуы керек, – дейді Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас ди-

ректоры Бақытжан Дүйсембеков.

Қала әкімі алқаптағы жаңашыл бастамалармен танысты. Әсіресе, агродрон шаруаларды көп шығыннан сақтап тұр. Өйткені, бұрын тұқым сепкіш құралдармен тым биіктен тыңайтқыш сепкенде дән желге ұшып әбігер болатын. Ал агродрон жер бауырлай ұшып, өнімнің үстіне жақындай себеді. Мұның тиімділігі жоғары. Нұрлыбек Машбекұлы жаңа бастамаларға оң бағасын берді.

– Биыл қаладағы ауылшаруа-

шылық саласы тың идеяларға толы болды. Агродронмен қатар, «Сыр сұлуы» сорттың өзін ерекше. Басқа сорттардан 15-20 күн ерте піседі. Сабағы аласа болғанымен, дәні – ірі. Гектарына 50 центнерден кем болмайды деп отырмыз. Бұдан бөлек, кант құмайын егуді қолға алдық. Одан 100 тоннаның үстінде малазықтық дақыл алуға болады. Су тапшылығы болған жоқ, – дейді Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулетбек Абдрасулов.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖОЛДАУЫ 2020
ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы ұстаздар қауымы тарапынан зор қолдау тауып, жарқын болашаққа деген сенімімізді арттыра түсті.

Өтпелі кезең өзгерістері

Білім саласы мемлекетіміздің стратегиялық басыма бағыттарының бірі болғандықтан, Жолдаудың «Қолжетімді әрі сапалы білім беру» бөлімінде сандық білім беру мен білім саласындағы алдағы атқарылатын істерге жан-жақты бағам жасалуы қоғам тарапынан туындап отырған әлеуметтік сұраныстарға өз жауабын бергендігі болды.

Ата-аналар, мұғалімдер тарапынан балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен толыққанды қамту жөніндегі Президент тапсырмасын орындауда қаржыландырудың ваучер тетігін қосуды ұсынуы да жақсы қабылданды. Алдағы уақытта қаржыландырудың ваучер тетігі мұғалімдерімізді қайта даярлау курстарында қолданылса енуі олардың кәсіби біліктілігін арттыруда еркін бәсекелестікті қалыптастырады.

Төртінші тоқсаннан бастап қашықтан оқуға көшкен қала мектептерінің ҰБТ-ға қатысқан түлектері 100 процент жоғары оқу орындарына түсіп, олардың 77 проценті мемлекеттік грант иесі атанды. Мемлекет басшысы шығармашылық және көпөнер негіздерін қамтитын балалар үйірмелерін ашуды, кәсіпкерлік негіздерін мектеп қабырғасынан оқушы бойына сіңіріп, еңбек адамын жан-жақты қолдап, мамандық таңдауда кәсіптік арнайы білім алууды алға тартуы – қазіргі уақыт талабы. Осы бағытта «Еңбек бағдарламасы» аясында 9 сыныптан кейін арнаулы кәсіби білім беретін оқу орындарына баратын оқушылар саны артып отырғаны қуантады.

Келер жылы ұстаздар жалақысы 25 процентке көтерілетіні бұл мемлекетіміздің білім саласына зор көңіл бөлуі, сонымен қатар 2020-2021 оқу жылы толыққанды жаңартылған білім жүйесіне көшу, сынып жетекшісі жұмысы мен дәптер тексеруге қосымша ақы төлеудің екі есе өсуі, магистрілік дәрежесі мен тәлімгерлікке ақы төлеудің енуі де әрбір мұғалімнің өз мамандығын жетік меңгеріп, сапалы білім берудегі қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыра түседі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында білім саласын жаңа белестерге көтеру міндеті тұрғандықтан, шығармашылық тұрғыда, кәсіби біліктілігі жоғары педагог қызметкерлер алдыңғы қатарда болуы тиіс.

Егер алған біліміміз ғылыммен ұштаспайтын болса, экономиканың инновациялық бағытта дамуы тежеледі. Осы түйінді мәселенің алдын алуға Президенттің 500 ғалымды әлемдік ғылым орталықтарда тағайымдалмадан өтуге, «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуі тапсыруы мектептерде дарынды балалармен жұмысты жаңа қырынан ұйымдастыруды талап етеді. Үш артерия – Сырдария өзені, темір жол, халықаралық көлік магистралі бойында орналасқан Қызылорда қаласы ХХІ ғасыр көшінен қалмас үшін өскелең ұрпаққа қолжетімді сапалы білім беруді өтпелі қиын кезеңде босаңсытып алмауымыз керек.

Ләззат ӘБЕНОВА,
С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицей директоры

ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР ҮЛЕСІ ҚОМАҚТЫ

Қызылордада жердің суармалы көлемін нақтылау, игерілмей жатқан бөлігін айналымға қосу шаралары атқарылып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов 236,9 мың гектар суармалы жердің 214,7 мыңы аграрлық сипатта екенін жеткізді.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

– Суармалы егістік көлемін 300 мың гектарға жеткізу жөніндегі жұмысы топ мәселені зерттеп, талдап көрді. Жаңадан ашылатын осындай алқаптар аумағын 95,7 мың гектарға жеткізіп, жалпы көлемін 332,6 мың гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік бары нақтыланды, – деді ол.

Су ресурсының жағдайын жақсарту бағытында бірқатар бастама қолға алынды. Атап айтқанда, апатты жағдайдағы «Қызылорда», «Әйтеке» су тораптары, «Жиделі» су қоймасы қайта жаңғыртылады.

Б.Жаханов Жолдаудағы агроөнеркәсіп кешінін дамыту міндеттемелеріне тоқ-

талды. Президент өнім өндіру барысында жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін тиімді пайдалануды тапсырды.

– Бұл, біріншіден, осындай 86 мың шаруашылықты тұрақты жұмыспен қамтуға, екіншіден, жалпы өндіріс көлемін кем дегенде 3-4 есе ұлғайтуға, үшіншіден, қаржылық кіріс пен бәсеке-кестік қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперацияға біріктіру үшін субсидиялау, жеңілдетілген несиелер беру, жер бөлу, инфрақұрылым жүргізу сияқты ынталандыру шаралары қа-

былданады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Өңірде балық шаруашылығын дамыту мүмкіндігі зор. Табиғат пайдаланушылар тоған, шарбақ шаруашылығын құруға, тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғысы арқылы балық өсіруге ынталы. Осы орайда облыс әкімінің орынбасары су маржанын табиғи өніммен қоректендірген жағдайда көл-тауарлы балық өсіру шаруашылықтарының әр гектарынан 100-120, тоған шаруашылықтарынан 600-800 келіге дейін балық алуға болатынын жеткізді.

– Аймақтағы 9 балық өңдеу зауытын шикізатпен қамтамасыз ету үшін тауарлы балық өсірудің көлемін 2030 жылға қарай 3 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Осыған сәйкес халықаралық тәжірибені пайдалану арқылы саланы дамытудың өңірлік бағдарламасы бекітіледі. Бұл аталған кәсіпті өркендетуге септігін тигізеді, – деді Б.Жаханов.

● БРИФИНГ

Аймақта жол астынан өтетін су және мал өткелдеріне көңіл бөліне бастады. Олардың көпшілігін жағдайы сын көтермейді. Алдағы уақытта осындай 84 өткелді жөндеу жоспарда тұр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық автомобиль жолдары және жоласушылар көлігі басқармасының басшысы Мұрат Тілеуімбетов мәлім етті.

Өңірде өткелдер жөнделеді

– Бүгінге дейін Жаңақорған мен Қазалы ауданындағы өткелдер жөнделді. Біз бұл жұмысты екі жыл бұрын бастап кеткенбіз. Бір қиыны, мамырдан қыркүйекке дейінгі аралықта аталған көпірлерді жөндей алмаймыз. Өйткені, диқандар сол уақытта егінге су алады. «Жалағаш – Қызылорда» трассасында жөндеу керек 4 өткел бар еді. Оның Бұқарбай батыр ауылының тұсындағысын биылтыр қалыпқа келтірдік. Қалған 3-уі жоспарда тұр. Осы секілді барлық ауданда да мұндай өткелдер бар, – дейді М.Тілеуімбетов.

Сонымен қатар, биыл Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев көшесін сол жағалаудан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізіне қосу жұмысы басталмақ. Ал келер жылы «Қызылорда-Жезқазған» трассасын жөндеу қолға алынады. Биыл облыста 488 шақырым автомобиль жолы мен көшелер, көпір өткелдері жөнделді деп жоспарланған. Оған қазынадан 19614 млн теңге қаралған. Жұмыстар «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламалары мен «Ауыл – ел бестігі» жобасы аясында жүзеге асуда.

«СБ» ақпарат

● ТАҒАЙЫНДАУ

ИНСПЕКЦИЯДА ЖАҢА БАСШЫ



Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі №456 бұйрығына сәйкес, Нұрымбетов Сейлбек Серғазұлы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы лауазымына тағайындалды.

Сейлбек Нұрымбетов 1983 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында туған.

2006 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Инженер-гидротехника» мамандығы және Қарағанды экономикалық университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірген.

2018 жылғы ҚР Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясы арқылы Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласында «К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын» магистр дәрежесінде үздік бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 2006 жылы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасында жетекші маман ретінде бастаған.

2010-2011 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетіне қарасты «Қызылорда су шаруашылығы» кәсіпорнында су пайдалану бөлімінің инженері қызметін атқарды.

2011-2018 жылдар ішінде Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасында жетекші маман, бас маман, бөлім басшысы қызметтерін және 2018-2020 жылдары Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарды.

2020 жылдың сәуір айынан бастап, осы кезге дейін Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысы қызметін атқарып келді.

Балық өнімдері 12 елге экспортталады

Өткен жылы балық аулау көлемі 7193 тоннамен құрапты. Ауланған балықтың басым бөлігі зауыттарда өңделіп, алыс және жақын шетелдерге жөнелтілген. Арал ауданында «Арал СД» ЖШС, Қазалы ауданында «СПК Қызылорда Балық» ЖШС және жеке кәсіпкер Ігілікөвтің балық өңдеу зауыттарында өнімдер терең өңделуде. Бүгінде балық өнімдерінің 14 түрі экспортталуда. Айтар болсақ, бытыр 4 220 тонна балық өнімі 12 мемлекетке (Ресей – 2065 тонна, Польша – 337,3 тонна, Грузия – 160 тонна, Украина – 100 тонна, Нидерланды – 682,8 тонна, Әзербайжан – 40 тонна, Қытай – 620 тонна, Қырғызстан – 9,9 тонна, Литва – 31,6 тонна, Германия – 152,3 тонна, Венгрия – 16 тонна, Беларусь – 5 тонна) экспортталды. Осылайша, балық экспорттарының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 10 процентке артқан.

Өңірде балық аулайтын шаруашылықтар мен өңдеу кәсіпорындарында мыңдаған адам еңбек етеді. Ал балық өңдеу кәсіпорындарында 500-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аймақта балық шаруашылығында маңызды бар Кіші Арал теңізі мен 207 көл тізімге енгізілген. Жергілікті балықшылар аталған су айдындарынан балықтың 18 түрін аулауға көңіл бөліп отыр. Бытыр 8042 тонна ауланып, республикалық бюджетке 132 млн теңге қаржы түсті.

– Бүгінде Кіші Арал теңізі толықтай және 182 көл конкурстық негізде табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілді. Бұған қоса, қазіргі уақытта 25 көл резервте тұр, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Айдос Адаханов.

Бұған қоса, балық өңдеу за-

уыттарын қосымша шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында өңірдің аквамадениетін дамыту жұмыстары да жүргізілуде. Мысалы, облыстағы 10 тауарлы балық өсіру шаруашылығында бытыр 143 тонна балық өсіріліп, нарыққа шығарылды. Биыл оны 155 тоннаға дейін көбейту жоспарланып отыр. 2017-2022 жылдарға арналған Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өңірлік бағдарламасына тауарлы балық өсіру шаруашылықтарын өркендету шаралары енді. Осы өңірлік бағдарламаға сәйкес, 2022 жылы тауарлы балық шаруашылықтарының санын 30-ға және өндірілетін балық көлемін 477 тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Жағымды жаңалыққа келсек, осы жылы 3 тауарлы балық өсіретін шаруашылық құрылды. Балық жеміне кеткен шығындардың 30 проценті мемлекет тарапынан субси-

дияланады. «Үстіміздегі жылы осы мақсатқа облыстық бюджеттен 4,2 млн теңге бөлінді. Бүгінгі күні Шиелі мен Жанакорған аудандарындағы екі шаруашылық – «Ғабит» және «Ислам» шаруа қожалықтары 2,1 млн теңге қаржыны толық игерді» дейді бөлім басшысы.

Аймақта балық шаруашылығының дамуына алғашқы кезеңі жүзеге асқан «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының тигізген пайдасы мол. Жобаның бірінші кезеңі елеулі нәтиже берді. Ол әсіресе, балық шаруашылығының өркендеуіне жол ашты. Қазір Арал өңірінде балық аулау көлемі жыл санап артуда, 2000 жылмен салыстырғанда 20 есеге өсіп, 400-ден 8000 тоннаға жетті.

Жоба шеңберінде Солтүстік Арал теңізіндегі «Көкарал» су тоспасы,

«Әйтеке» су құрылысының кешені және Сырдария өзеніндегі қорғаныс бөгеттері аралығын баршамаызға белгілі. Сөйтіп, теңіздегі балық қоры молайып, сол маңды мекендеген халықтың игілігіне айналды. Кіші теңіздегі судың көлемі 15,6 млн текше метрден 27,1 млн текше метрге дейін ұлғайған. Енді жобаның екінші кезеңінде су көлемін одан әрі молайту жоспарланып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, «Көкарал» бөгетінің салынуы аймақтағы балық шаруашылығының дамуына оң жағдай туғызды. Су маржанын аулау көлемінің өсуі өңдеу саласының дамуына мүмкіндіктер жасады. Сондай-ақ, бекіре тұқымдас балықтарды өсіруге қолайлы жағдай туып отыр. Күннен күнге көкжиегін кеңейткен кәсіптің келешегі бұдан да зор екендігін ешкім шүбә келтіре алмаса керек.



ЕЛ АҒАСЫНЫҢ ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Жақында туып-өскен өңірден қуанышты хабар жетті. Қызылорда қаласындағы дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» мектебіне белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманұлының есімі беріліп, абыз ақсақал рухына лайықты құрмет көрсетіліп жатыр екен. Жақсы жаңалық құтты болсын, ағайын!

Жанында жүрген жайсан жанның қадір-қасиеті ол мәңгілік сапарға аттанғанда білінеді. Арамыздан бір дәуірдің жүгін аркалап көшкен белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманұлының орны әлі күнге ойсырап тұр. Бұл орын ешкім, ешқашан толтыра алмайтын, тұғыры биік, еңсесі зор, ел-жұртқа жайлы, аға-ініге қадірлі орын еді.

Сейлбек Шаухаманұлы үлкен қызмет тұтқасына егемен ел тарихындағы ең қиын кезеңде келді. Елбасының Қазақ мемлекетінің қабырғасын қалау жолындағы идеяларын қолдап, сенімді серігіне айналған Сәкен еліне жана-шыр және мемлекетшіл тұлға еді.

Сейлбек Шаухаманұлының тікелей басшылығының арқасында Сыр елінің мақтаншына айналған облыстық медицина орталығының іргетасы қаланды, ауыл шаруашылығымен қатар өндіріс саласының қызметі нарықтық талаптарға сәйкес жүргізіле бастады. Ең бастысы, өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, елдің ішіндегі ол әлеуметтік ахуал сақталды.

Жоқтан бар жасау, бардың берекесін асыру, өткен мен бүгіннің арасына алтын көпірдей дәнекер болу – тек ерекше тұлғалардың қолынан келетін шаруа. Ол – барша Сыр еліне өзінің ағалық сөзін өткізген, абыз ақсақалдар институтын жаңа бір деңгейге көтере білген тұлға еді.

Ел бірлігін сақтап, ынтымағына ұйытқы болған «Ардагерлер ұйымына» облыстық басқарған тұста облыс басшылығы тарапынан қолдаулар жасалды. Ардагер ағалар ел-халықтың татулық-бірлігіне сызат түсірмей, жас ұрпақты еңбекке үндеуде талай игі істің үлгісін көрсетті. Ел дамуы үшін аянбай қызмет еткен ел ағаларына қандай құрмет көрсетсек те артық емес.

Бір кезде әлемге әйгілі Әбдімәлі Нұрпейісов ағазы дуалы Сейлбек Шаухаманұлы туралы – «Тәңір сыйлаған талант» деп толғанып айтқан еді. Ең бастысы, ол төрміздің сәні мен қадірі еді, шын мәніндегі ауыз толтырып айта-

тын Ел ағасы болатын. Сыр бойындағы бірде-бір жиын, алқалы отырыс, салтанатты той, торқалы ас Сәкеннің төбесі көрінбей басталмайтын. Оның келуін, келген соң батыл сөз айтуын ел қадімгідей күтетін.

Сәкеннің шешендігі мен даналығы тек Сыр бойы жұртшылығын емес, күллі қазақты тәнті етті. Ал ағамыз болса сол баяғы қалпынан, аңызға айналған қарапайым бейнесінен бір айныған емес.

Сәкеннің жүріп өткен өмір жолындағы басқа жайттарды қозғамағанда, ол кез келген шаруаның әділ шешімін тереңнен ойластырып, халыққа болатын жағын ғана айтып отырды. Оның қоғамдағы түрлі түйткілді мәселелерге қатысты қозғаған өзекті ойлар жұртшылықтың көңілінен шығатын.

Күні кеше Сыр өңіріндегі іргелі білім ошағының бірі, «Білім-Инновация» мектебіне еліне сіңірген еңбегі өлшеусіз Ел ағасының есімі беріліп, ескерткіш бюстінің орнатылғаны Сәкеннің еңбегіне жасалған құрметтің бір расы деп білем. Алда әлі талай еңбектер жазылып, ұрпаққа үлгі болатындай жұмыстар жасалары сөзсіз.

Өңірде елге өлшеусіз қызмет еткен, ғыбратты ғұмырлары келер ұрпаққа өнеге болатын абыз ақсақалдарымызды насихаттау, жас ұрпаққа үлгі ету аясында алдағы уақытта іргелі жұмыстар жасалуы тиіс деп ойлаймын.

Асқар таудай аға, орны бөлек тұлға енді енесі тұғырынан ұрпаққа өнегелі жолды нұсқап, жастар рухын жанып тұратын болады. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді». Бар ғұмырын еліне арнаған абыз ақсақал, алдыңғы буын ағаларына ізетті, ізіне ерген інілеріне құрметті, лауазым мен қызметін тоқтатқаннан кейін де халқына қадірі асқан, соңғы демі біткенше ат арқасынан түспеген, халықтың мүддесін жоғары қойған Сейлбек Шаухаманұлының данқы, азаматтық келбеті, қарапайым болмысы ел санасынан еш уақытта ұмытылмасы сөзсіз.

Болатбек ҚУАНДЫҚОВ,
қоғам қайраткері

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында Жалағаш ауданына қарасты Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектепте Ұлы Отан соғысының ардагері, мектеп директоры болған Іскендір Қарқынбаев атындағы кабинет ашылды.

Заманауи тұрғыда толық жабықталған кабинетті мектептің 1965-1973 жылдардағы тұлғалары дайындаған. Шара онлайн форматта өтті. Ашылу салтанатына техника ғылымдарының докторы, профессор Оразхан Қарлыханов, салық саласының озық қызметкері Қазтай Әбдіреев, есепші Алтынай Ермашова секілді тұлғалардан арнайы өкілдері қатысып, естеліктерімен бөлісті.

– Биыл мектеп бітіргенімізге 47 жыл болды. 1965-1973 жылдары бітірген тұлғалар перзенттік борышымызды өтеу мақсатында, әрі кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деген ниетпен мектептен арнайы кабинет аштық. Кабинетке сол кездері ұстаздық еткен, саналы ғұмырын бала тәрбиелеуге арнаған Іскендір Қарқынбаевтың есімі берілді. Бұл – ұстазға деген тағзым, құрмет, – дейді Қ.Әбдіреев.

Шара барысында мектеп директорының орынбасары Ләйла Шілдебасева ұстаздарын ұлықтаған тұлғаларға алғысын білдірсе, ардагер ұстаз Имамзада Рақымбаев батасын берді. Жиын соңында шара ұйымдастырушылары көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына оқу құралдарын сыйға тартты.

М.ОТАРАЛЫ

● СӘЛИМА ЖҰМАБЕКОВА-85

ҒАСЫРДЫҢ БАТЫР АНАСЫ



Қасиетті Сыр өңірінде егінге орақ түсті. Жылда ел ағалары анамыз Сәлима Жұмабекқызын жайқалып, бастарын көтере алмай пісіп тұрған күріш алқабына апарып, ақ батасын алатын. Ақ күріштің анасы алғашқы орақ салтанатында егіншілерге ақжолтай ақ батасын беріп, еңбектеріне береке, сәттілік, елге астықтың молшылығын тілейтін еді.

